

*Кисабекова М.Е.¹, Майбасова У.А.², Кантарбаева Ж.Е.³

^{1, 2, 3} «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша кәсіби даму институты

^{1, 2, 3} Қазақстан, Қарағанды

*E-mail: mkissabekova@orleu-edu.kz

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ ТУРАЛЫ СҰРАҒЫНА ҚАТЫСТЫ

Аңдатпа

Қазіргі уақытта білім берудегі құндылықтық (аксиологиялық) тәсіл оқытушы мен оқушының өз мүмкіндіктеріне, бейімділігіне және ерекшеліктеріне сәйкес өзекті болып отыр. Құндылық бағдарлар жүйесі адамның рухани өзегін анықтайды, оның әлемге және өзіне деген қарым-қатынасын, өмірлік келешегін, тұлғаның «даму векторын» көрсетеді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық және кәсіби дамуының негізі педагогикалық құндылықтар болып табылады.

Мақалада шетелдік және отандық педагогикалық аксиологияның жетекші идеялары, «құндылық» категориясының мазмұны, тұлға компоненттерімен, атап айтқанда, бастауыш мектеп мұғалімімен құндылықтық бағдарлардың өзара әрекеттесу механизмі қарастырылады.

Мақаланың мақсаты авторлар жүргізген американдық психолог М. Рокичтің әдістемесі бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлар жүйесін зерттеу нәтижелерімен таныстыру болып табылады. Бұл нәтижелер тұлғаның бағыттылығын және өмірлік белсенділіктің мотивациясын анықтайтын кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтары арқылы түсіндіріледі. Құндылықтық бағдарлар жүйесі тұлғаның бағыттылығының мазмұнды жағын анықтап, оның қоршаған ортаға, басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынас негізін құрайды; дүниетанымның негізін және өмірлік белсенділіктің мотивациясының өзегін, өмірлік концепцияның және «өмір философиясының» негізін құрайды.

Мақалада М. Рокичтің құндылық бағдарларды зерттеу әдістемесі, оның ішінде деректерді жинау, өңдеу және талдау әдістері; іріктеменің сипаттамасы; зерттеудің фактілік материалы сипатталған. Бұл әдістеменің негізгі әдісі сауалнама болды.

Зерттеу нәтижесі ретінде бастауыш сынып мұғалімінің әлеуметтік және кәсіби өміріндегі құндылық бағдарлардың басымдығы танылып, біліктілікті арттыру, курстан кейінгі қолдау, іс-әрекеттерді жеке тұлғалық құндылықтар жүйесімен, өзін-өзі жүзеге асыру жоспарланған қоғам құндылықтарымен сәйкестендіру мәселесі анықталды.

Зерттеудің маңыздылығы бастауыш сынып мұғалімінің құндылық бағдарлар құрылымын диагностикалауда, жетекші құндылықтарды анықтауда, кәсіби құндылықтардың қайшылықты немесе қайшылықсыз екенін диагностикалауда жатыр. Сауалнама негізінде бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғалық құндылықтық бағдарлар жүйесінің заңдылықтары туралы түсінік қалыптастырылды.

М. Рокичтің әдістемесі бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары анықталған кезде келесі нәтижелер алынды: терминалды құндылықтар (құндылық-мақсаттар) иерархиясында маңызды құндылықтар – денсаулық, махаббат, өмірлік даналық, ал инструменталды құндылықтар (құндылық-құралдар) иерархиясында – тәртіптілік, жауапкершілік, ұқыптылық. Бұлар құндылық бағдарлар иерархиясындағы ең тұрақты құндылықтар болып табылады.

Зерттеу нәтижелерін түсіндіру барысында авторлар кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтары бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлар жүйесінде басым емес деген қорытындыға келді.

Түйінді сөздер: құндылық бағдары, М. Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесі, терминалды құндылықтар, инструменталды құндылықтар, кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру, біліктілікті арттыру, курстан кейінгі қолдау.

Кіріспе. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев: «Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру. Отаншылдық, білімге құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер дәріптелуі керек. Диалог пен азаматтық қатысу дәстүрін дамыту, ынтымақтастығымыз бен бірлігімізге негіз болатын озық құндылықтарды дәріптеу біз үшін маңызды» деп ерекше атап өтті [1].

Қазақстан Республикасында бастауыш білім берудегі өзекті мәселелердің бірі ретінде тәрбие компонентін жүзеге асыру қалып отыр. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың

2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» орта білім мазмұнын құндылыққа бағдарланған тәсіл негізінде жетілдіру қажеттілігі анықталуда [2].

Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағдарланған тәсіл «тұлғаның еркін дамуының басымдықтары, патриотизм, еңбекқорлық, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, адам өмірі мен денсаулығының құндылықтары, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды тәрбиелеуді» көздейтін тәсіл ретінде қарастырылады [3].

Бастауыш білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «білім беру құндылықтары» ұғымының мәні: «оқыту мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар, білім мазмұнын анықтауға негіз болатын, оқушы тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын бағдарлар» ретінде айқындалды [4].

Бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру» атты біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы бізбен әзірленіп, қазіргі уақытта біліктілікті арттыру курстарында жүзеге асырылуда.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық бағдарлары білім беру процесін қалыптастыруда және оқушылардың жеке тұлғасын дамытуда шешуші рөл атқарады. Білім беру ортасындағы заманауи өзгерістер жағдайында, мұғалімдердің кәсіби қызметіне қойылатын талаптар барған сайын күрделене түскен кезде, құндылықтық бағдарларды түсіну мен зерттеу ерекше маңызға ие болуда. Бұл бағдарлар мұғалімдердің мінез-құлқы мен кәсіби шешімдерін анықтап қана қоймай, жас ұрпақтың құндылықтық көзқарастарын қалыптастыруға да тікелей әсер етеді.

Бастауыш мектеп оқушыларына құндылықтарды сіңірмес бұрын, мынадай сұрақтар туындайды: «Бастауыш білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын және құндылықтар көрсетілген басқа да нормативтік актілерді іске асыратын мұғалімдердің өздерінде қандай құндылықтар бар? Педагогтің кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына байланысты құндылықтар бүгінде басымдыққа ие ме?»

Біздің зерттеудің мақсаты бастауыш сынып мұғалімдеріне назар аудара отырып, педагогикалық қауымдастықтың құндылық бағдарлар жүйесін талдау болды. Бұл зерттеуде жалпы осы кәсіби топқа тән құндылық бағдарларды және бастауыш мектеп мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруын анықтайтын ерекше құндылықтарды айқындауға басымдық берілді.

Әдістер мен материалдар. Осы зерттеуде негізгі әдіс ретінде американдық психолог Милтон Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесі қолданылды.

М.Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесі адамның құндылықтық-мотивациялық саласын зерттеуге бағытталған тұлғалық тест ретінде әзірленген. Құндылық бағдарлар жүйесі тұлғаның бағыттылығының мазмұндық жағын анықтап, оның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасының негізін құрайды; дүниетанымның, өмірлік белсенділіктің мотивациясының, өмірлік тұжырымдамасы мен «өмір философиясының» негізі болып табылады. М. Рокич құндылықтарды екі түрге бөледі: терминалды құндылықтар – мақсат-бағдарлар; инструменталды құндылықтар – құрал-бағдарлар [5, 42 б.].

М. Рокичтің тұжырымына сәйкес, құндылық – жеке тұлға тарапынан тұрақты және саналы түрде артықшылық берілетін игілік. Өртүрлі субъектілердің санасында құндылықтардың жиынтығы иерархиялық құрылым құрайды: оның жоғарғы, ең тұрақты қабатын мақсат-құндылықтар, стратегиялық өзіндік құндылықтар немесе терминалды құндылықтар құрайды. Одан төмен деңгейде құрал-құндылықтар немесе терминалды құндылықтарға қол жеткізу үшін қажетті адам бойындағы қасиеттер – инструменталды құндылықтар орналасады; олар өзгерістерге көбірек бейім болады. М. Рокич 36 негізгі базалық құндылықты бөліп көрсеткен: 18 терминалды және 18 инструменталды құндылық. 1960 жылдардың екінші жартысында 1400 респондент арасында жүргізілген сауалнама нәтижесінде, олар әрбір құндылықты өз ішінде ретке келтірді. Нәтижесінде, терминалды құндылықтардың ішінде алғашқы үш орынды: жер бетіндегі бейбітшілік, отбасы және бостандық алса, соңғы үш орынды: рахатқа толы өмір, белсенді, мазмұнды өмір және сұлулық құндылықтары алды.

Инструменталды құндылықтардың ішінде алғашқы үш орынды: адалдық, жоғары талаптар және жауапкершілік алса, соңғы үш орынды: орындаушылық, ақыл және рационалдылық иеленді. Терминалды құндылықтардың тұрақтылығы жоғары және олардың инструменталды құндылықтарға қатысты шешуші рөл атқаратыны туралы гипотеза расталды. Сонымен қатар, әртүрлі халық топтары арасында құндылықтар құрылымының ерекшеліктері көрсетілді.

Зерттеу нәтижелері мақалалар сериясы мен монография түрінде жарияланып, әртүрлі салалар мен бағыттарда үлкен танымалдылыққа ие болды. Мысалы, А.Т. Забирова ұсынған «Социология» оқу құралында М. Рокич әзірлеген құндылықтар тұжырымдамасы жеке тұлға мен қоғамның құндылық бағдарлар құрылымын және олардың динамикасын талдау үшін қолданылады [6].

Оқу материалында Рокич әдістемесімен алынған нәтижелердің әлеуметтік басымдықтарды анықтау, құндылық қақтығыстарын диагностикалау және қоғам дамуының стратегияларын әзірлеу мақсатында қалай түсіндірілетіні баяндалған. Мұндай тәсіл құндылық бағдарлардың қалыптасу механизмдерін және олардың әлеуметтік нормалар мен ұстанымдармен байланысын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді [6, 73 б.].

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына байланысты құндылық бағдарлар мен олардың жалпы құндылықтар жүйесін анықтау мақсатында біз М. Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесі бойынша зерттеу жүргіздік.

Бұл әдістеме келесі себептерге байланысты таңдалды: әмбебаптығы (әртүрлі респонденттер мен жағдайларға қолдануға болады); ыңғайлылығы (сауалнама дайын күйде беріледі); икемділігі (құндылықтар тізімі қолдану шарттарына байланысты өзгертілуі мүмкін).

Зерттеуге қатысушылар: зерттеуге 75 адам қатысты. Қатысушылар сипаттамасы: жынысы – әйелдер, жасы – 22-ден 61-ге дейін. Бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курстарында тыңдаушылар құрамының 100%-ын әйелдер құрайтындығын осындай ерекшелігімен түсіндіруге болады, бұл санатта ер адамдар өте сирек кездеседі. Барлық зерттеуге қатысушылар «Бастауыш мектепте құндылық-бағдарлы тәсілді жүзеге асыру» тақырыбындағы курс тыңдаушылары болды.

М. Рокичтің құндылық бағдарларды зерттеу әдістемесі құндылықтар тізімін тікелей дәрежелеуге негізделген. Респонденттерге екі құндылықтар тізімі ұсынылды (әрқайсысында 18 құндылық). 1-кестеде алдымен терминалды құндылықтар жиынтығы (А тізімі), содан кейін инструменталды құндылықтар жиынтығы (В тізімі) берілді [7].

1-кесте. М. Рокичтің құндылықтық бағдарларды зерттеу әдістемесіндегі құндылықтар тізімі

А тізімі - терминалды құндылықтар	В тізімі - инструменталды құндылықтар
1. Белсенді, белсенді өмір (өмірдің толықтығы және эмоционалдық қанықтылығы);	1. Ұқыптылық (тазалықты сақтау, заттарды ретке келтіру);
2. Өмірлік даналық (өмірлік тәжірибе арқылы жетілетін пайым мен ақыл-парасат);	2. Тәрбиелілік (жақсы әдеттер);
3. Денсаулық (физикалық және психикалық);	3. Жоғары талаптар (өмірге және өзін-өзі бағалауға жоғары талаптар);
4. Қызықты жұмыс;	4. Өмірге қуанышпен қарау (әзіл сезімі);
5. Табиғат пен өнер сұлулығы (табиғаттағы және өнердегі кереметті сезіну);	5. Орындаушылық (тәртіптілік);
6. Махаббат (рухани және физикалық жақындық);	6. Тәуелсіздік (өз бетінше әрекет ету, батылдық);
7. Материалдық қамтамасыз етілген өмір (материалдық қиындықтардың болмауы);	7. Кемшіліктерге төзбеушілік (өзіңізде және өзгелерде);
8. Адал және сенімді достардың болуы;	8. Білімділік (білімнің кеңдігі, жалпы мәдениет деңгейінің жоғарылығы);
9. Қоғамдық танымалдылық (қоршаған орта, ұжымның құрметі);	9. Жауапкершілік (міндеттілік, уәдеде тұру қабілеті);
10. Таным (өзінің білімін, көзқарасын, жалпы мәдениетін кеңейту мүмкіндігі, интеллектуалдық даму);	10. Рационализм (ойлау қабілеті, логикалық шешімдер қабылдау);
11. Жемісті өмір (өзінің мүмкіндіктерін, күш-қуатын және қабілеттерін барынша толық пайдалану);	11. Өзін-өзі бақылау (ұстамдылық, тәртіптілік);
	12. Пікірін қорғауда батылдық;

12. Даму (өзімен жұмыс істеу, физикалық және рухани жетілу);	13. Мықты ерік-жігер (қиындықтарға берілмеу);
13. Көңіл көтеру (жағымды, ауыртпалықсыз уақыт өткізу);	14. Төзімділік (басқа көзқарастарды түсіну және кешіру қабілеті);
14. Бостандық (пікірлері мен әрекеттерінде тәуелсіздік);	15. Көзқарастардың кеңдігі (өзгелердің пікірін түсіну және құрметтеу);
15. Бақытты отбасылық өмір;	16. Адалдық (шыншылдық, ақкөңілдік);
16. Басқалардың бақыты (басқа адамдардың, бүкіл халықтың және адамзаттың әл-ауқаты мен дамуы);	17. Істердегі тиімділік (еңбекқорлық, жұмыс өнімділігі);
17. Шығармашылық (шығармашылықпен айналысу мүмкіндігі);	18. Сезімталдық (қамқорлық, мейірімділік)
18. Өзіне деген сенімділік (ішкі үйлесімділік, ішкі қайшылықтар мен күмәндерден арылу)	

Дереккөз: <https://core.ac.uk/download/pdf/154819119.pdf> [7, 48-49 б.]

Тындаушы-педагогтерге А және В тізіміндегі әрбір құндылыққа 1-ден 18-ге дейінгі рангты онлайн режимінде мобильді телефондар, ноутбуктер немесе стационарлық компьютерлер арқылы тағайындау ұсынылды.

Рокич сауалнамасында шкалалар кері сипатқа ие болатынын есте ұстаған жөн: а) ранг төмен болған сайын, құндылық респондент үшін маңыздырақ; б) ранг жоғары болған сайын, құндылық маңыздылығы төмендейді. Респонденттер қойған рангтар құндылықтардың әрқайсысының маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелерінен алынған құндылықтардың жеке иерархиясы үш тең топқа бөліне алады:

- максималды тұрақты, маңызды (иерархиядағы 1-6 рангтер);
- тұрақсыз, бейтарап/индифферентті (7-12 рангтер);
- максималды тұрақты, маңызсыз (иерархиядағы 13-18 рангтер) [5, 51 б.].

Нәтижелер мен оларды талқылау. Құндылықтар мәселесі адам қызметінің кез келген саласында, сондай-ақ адам туралы кез келген ғылымда туындайтынын атап өткен жөн.

Осы бағыттағы зерттеулердің ең маңызды нәтижелерін В. Франклдың «Адамның мағынаны іздеуі» атты еңбегінен табуға болады. Бұл жұмыста «адамның өмірдің мәнін іздеуге және түсінуге деген ұмтылысы туа біткен мотивация болып табылады, ол барлық адамдарға ортақ және мінез-құлық пен тұлғалық дамудың негізгі факторы болып табылады» деген тұжырым дәлелденген [8].

Қазақстандағы білім және дидактика саласындағы сарапшы Р.А. Қаратабанов, құндылықтарды «адамгершілік, кәсіби және тұлғалық бағдарларға қатысты мінез-құлық практикасы» ретінде белгілейді [9].

Бастауыш сынып мұғалімдері М. Рокичтің «Құндылық бағдарлары» әдістемесі бойынша терминалды және инструменталды құндылықтарды рангілер бойынша бөлді.

Құндылықтарды дәрежелеу нәтижелері бойынша респонденттерден алынған деректер төмендегі 2-кестеде келтірілді.

2-кесте. М. Рокичтің «Құндылық бағдарлар» әдістемесі бойынша сауалнама нәтижелері

Терминалды құндылықтар	Инструменталды құндылықтар
Денсаулық	Тәрбиелілік
Махаббат	Жауапкершілік
Өмірлік даналық	Ұқыптылық
Белсенді өмір сүру	Көңілділік
Бақытты отбасылық өмір	Тәртіптілік
Қызықты жұмыс	Білімділік
Материалдық қамтамасыз ету	Тәуелсіздік
Жақсы және адал достар	Адалдық
Табиғат пен өнер сұлулығы	Рационалдылық

Даму	Жоғары талап қою
Таным	Өзін-өзі бақылау
Бостандық	Сезімталдық
Қоғамдық мойындау	Кемшіліктерге төзімсіздік
Өзіне сенімділік	Өз пікірін қорғаудағы батылдық
Басқалардың бақыты	Кең ой-өріс
Шығармашылық	Берік ерік-жігер
Қанағат	Іс-әрекеттегі тиімділік
Қуаныш	Төзімділік

Дереккөз: авторлар әзірлеген.

Осылайша, М. Рокичтің құндылықтарды анықтау әдістемесі бойынша бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылық иерархиясында келесі нәтижелер алынды: терминалды құндылықтар (мақсат-құндылықтар) арасында ең маңызды деп денсаулық, махаббат, өмірлік даналық танылды, инструменталды құндылықтар (құрал-құндылықтар) арасында – тәрбиелілік, жауапкершілік, ұқыптылық басты орында.

М. Рокич әдістемесі бойынша ең маңызды орындарға ие құндылықтар максималды тұрақтылықты көрсетеді. Соңғы орындарда тұрған құндылықтар да максималды тұрақты: басқалардың бақыты, шығармашылық, қанағат (терминалды құндылықтар); берік ерік, істе тиімділік, төзімділік (инструменталды құндылықтар).

Дәрежеліеу бойынша ортада орналасқан құндылықтар тұрақсыз, бейтарап болып табылады. Оларға терминалды құндылықтардан материалдық қамтамасыз ету, адал достардың болуы, табиғат пен өнер сұлулығы, даму; инструменталды құндылықтардан тәуелсіздік, адалдық, рационализм, биік мақсаттар жатады.

Терминалды және инструменталды құндылықтарды респонденттердің басымдылығына қарай қарастырсақ, нәтижелер келесідей болды: «денсаулық» құндылығын 72% респондент таңдаса, «махаббат» – 69%, «белсенді өмір сүру» – 68% таңдаған.

Н.Е. Ветковтың айтуынша: «Денсаулық – бұл табиғи, абсолютті және тұрақты өмірлік құндылық ...» [10]. Махаббат пен өмірлік даналық адамның мотивациясының маңызды элементтері болып табылады, олар белгілі бір жағдайлардың немесе іс-әрекеттердің тартымдылығын анықтайды [11].

Біздің пікірімізше, кез келген уақытқа қарамастан педагогтің кәсіби қызметіндегі ең жоғары құндылық – өз жұмысына және оқушыларына деген махаббат. Лев Толстой былай деген: «Егер мұғалім өз ісіне және оқушыларына деген махаббатты біріктірсе, ол – кемел мұғалім» [12].

Инструменталды құндылықтар тізімінде ең артықшылық берілгендер – тәрбиелілік, жауапкершілік, ұқыптылық, көңілділік. Ал кең ой-өріс, берік ерік, істе тиімділік, төзімділік аса маңызды деп танылмады. Сауалнама нәтижелерін интерпретациялау барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына байланысты құндылықтар иерархиясы талданды.

Ресейлік ғалым В.А. Сластениннің айтуынша, білім беру қызметіндегі құндылықтар – «педагогке өз материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін және оның әлеуметтік әрі кәсіби қызметінде маңызды болып табылатын ерекшеліктер, олар гуманитарлық мақсаттарға жетуге бағытталған» [13].

В.А. Сластенин педагогикалық қызмет құндылықтарының бір тобын былай сипаттайды: «... өзін-өзі көрсету құндылықтары (шығармашылық және педагогикалық жұмыстың әртүрлі түрлері, педагогикалық қызметтегі романтика мен ләззат, «қиын» балаларды қайта тәрбиелеу мүмкіндігі, педагогикалық қызметтің мүдделерге сәйкестігі және т.б.) ...» [13, 91 б.].

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, біз кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтар тобының жалпы құндылықтар иерархиясындағы орнына назар аудардық. Л. Камалова мен Т. Ульяницкаяның (Қазан қ., Ресей) еңбектері негізінде кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруға тән құндылықтардың блоктары анықталды [14].

3-кестеге терминалды және инструменталды кәсіби өзін-өзі жүзеге асырумен байланысты құндылықтардың мазмұны енгізілді.


3-кесте. Кәсіби өзін-өзі жүзеге асырумен байланысты ерекше құндылықтар

Терминалды құндылықтар	Инструменталды құндылықтар
1. Белсенді өмір сүру қызметі (өмірдің толықтығы мен эмоциялық байлығы)	1. Тәуелсіздік (өз бетінше, батыл әрекет ете білу қабілеті)
2. Қызықты жұмыс	2. Білім (білімнің кеңдігі, жоғары жалпы мәдениет)
3. Қоғамдық миссия (айналасындағылардың, ұжымның, әріптестердің құрметі)	3. Жауапкершілік
4. Таным (білім көкжиегін кеңейту қабілеті, интеллектуалдық даму)	4. Өзін-өзі бақылау
5. Даму (өзін-өзі жетілдіру, тұрақты физикалық және рухани жетілу)	5. Кең ой-өріс (басқа көзқарасты түсіне білу қабілеті)
6. Шығармашылық/Жасампаздық жұмыс	6. Қызметтегі тиімділік (еңбекқорлық, жұмыстағы өнімділік)

Дереккөз: <http://www.lifesciencesite.com> [14, 525 б.]

Иерархияны қарастыру үшін келесі деректерді интерпретациялау қабылданды: 1-4 рейтинг нөмірі – «озық»; 5-10 – «негізгілердің қатарында»; 11-18 – «негізгі емес». Бұл интерпретация ресейлік ғалымдар Л. Камалова, Т. Ульяницкая тарапынан жасалды, біз зерттеуімізде негізге алып, қолдандық.

1 және 2 суреттерде мұғалімдердің блоктар бойынша иерархиялық түрде таңдалған құндылықтарының орташа мәндері көрсетілген: «озық», «негізгілердің қатарында», «негізгі емес».



1-сурет. Респонденттер иерархиялық түрде таңдаған терминалды құндылықтардың орташа көрсеткіштері
Дереккөз: авторлар құрастырған

Жалпы өзгерістерді анықтау үшін «негізгі емес», «негізгілердің қатарында» және «озық» санаттары бойынша мәліметтерді қарастырайық.

Төменде формула арқылы топтар бойынша иерархиялық түрде таңдалған мақсаттардың орташа мәндерінің сомасы көрсетіледі. Нәтижесінде, бастауыш сынып мұғалімдерінің ерекше құндылықтық бағдарларының маңыздылығын анықтау үшін блок бойынша орташа көрсеткіш алынады.

«Негізгі емес» санаты бойынша респонденттердің жиі елемейтін құндылықтық бағдарларының орташа мәндері төмендегі формула арқылы есептелген (1):

$$\frac{15,2 + 11,4 + 10,5 + 6,2 + 4,7 + 3,4}{6} = 8,57 \quad (1)$$

Формула «негізгі емес» санатындағы иерархиялық түрде тандалған мақсаттардың орташа мәндерін көрсетеді.

Қорытынды: ең аз маңыздылығы бар құндылықтық бағдарлар – «жасампаздық/шығармашылық жұмыс» (15,2) және «даму» (11,4), бұл олардың төмен басымдылығын көрсетеді.

«Негізгілердің қатарында» санаты бойынша адамдар маңызды, бірақ басты емес деп санайтын құндылықтық бағдарлар көрсетілген. Орташа мәні төмендегі формула арқылы беріледі (2):

$$\frac{9,7 + 8,2 + 8,2 + 10,2 + 6,8 + 2,6}{6} = 7,78 \quad (2)$$

Қорытынды: Бұл санатта ең жоғары басымдылық «қоғамдық миссия» (10,2) және «таным» (8,2) құндылықтарына берілген.

«Озық» санатында респонденттер маңызды деп санайтын құндылықтық бағдарлар көрсетілген. Олардың орташа мәндері келесі формула арқылы беріледі (3):

$$\frac{4,7 + 5,4 + 3,4 + 4,27 + 5,7 + 6,25}{6} = 4,95 \quad (3)$$

Қорытынды: Бұл санаттағы озық көрсеткіштер болып «таным» (3,4) және «жасампаздық/шығармашылық жұмыс» құндылықтары орын алды (4,7).

Терминалды құндылықтық бағдарлар туралы жалпы қорытынды:

1. «Негізгі емес», яғни маңызсыз, қабылданбаған құндылықтар «жасампаздық/шығармашылық жұмыс» болып табылады.

2. Индифферентті (бейтарап) құндылықтар болып «қоғамдық миссия» және «таным» белгіленді.

3. Озық позициялар таным мен шығармашылық жұмысқа байланысты белгіленді, бұл педагогтерге білім көкжиегін кеңейтуге, интеллектуалдық дамуға және жасампаздыққа бағытталуын көрсетеді.



2-сурет. Респонденттер иерархиялық түрде таңдаған инструменталды құндылықтардың орташа көрсеткіштері

Дереккөз: авторлар құрастырған

«Негізгі емес» санаты бойынша респонденттер ең аз маңыздылығы бар деп санайтын қасиеттер көрсетілген, олардың орташа мәні төмендегі формула арқылы ұсынылған: (4):

$$\frac{13,9 + 12,7 + 7,5 + 6,1 + 5,7 + 3,7}{6} = 8,27 \quad (4)$$

Орташа есеппен, сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігі осы құндылықтық бағдарларды маңызды деп санамайды.

Ең жоғары көрсеткіштер «қызметтегі тиімділік» (13,9) және «кең ой-өріс» (12,7) құндылықтарына тиесілі. Олар жиі басымдықтардан тыс қалады. Бұл респонденттердің «жауапкершілік» немесе «тәуелсіздік» сияқты басқа жеке құндылықтарға басымдық беретінін көрсетуі мүмкін.

Ең төменгі көрсеткіштер «жауапкершілік» (3,7) және «білім» (5,7) құндылықтарында байқалады. Олар маңызды қасиеттер тізімінен сирек шығарылады. Бұл құндылықтар, мүмкін, «озық» ретінде қабылданады.

Қорытынды: жауапкершілік пен білім негізгі құндылықтар ретінде қабылданады, ал қызметтегі тиімділік пен кең ой-өріс көбінесе назардан тыс қалады.

«Негізгілердің қатарында» санаты бойынша респонденттер маңызды, бірақ басты емес деп санайтын қасиеттер көрсетілген. Олардың орташа мәні төмендегі формулада белгіленді (5):

$$\frac{6,9 + 9,6 + 10,7 + 8,1 + 6,8 + 4,4}{6} = 7,75 \quad (5)$$

Бұл көрсеткіш құндылықтық бағдарлардың орташа маңыздылығын көрсетеді.

Ең жоғары көрсеткіштер «өзін-өзі бақылау» (10,7) және «кең ой-өріс» (9,6) құндылықтарына тиесілі. Олар жиі негізгі, бірақ басым емес ретінде белгіленеді. Бұл олардың жеке және кәсіби табыста қолдау көрсететін құндылықтық бағдарлар рөлін көрсетеді.

Ең төменгі көрсеткіштер «жауапкершілік» (4,4) және «білім» (6,8) құндылықтарына тиесілі. Олар бұл санатта көшбасшы ретінде ерекшеленеді, бірақ әрдайым маңызды бола бермейді. Бұл құндылықтардың көбінесе көшбасшы немесе екінші дәрежелі ретінде қабылданатынын көрсетуі мүмкін.

Қорытынды: бұл санатта «жауапкершілік» маңызды орын алады, «білім» де ерекшеленеді, бірақ әрдайым басты құндылық бола бермейтіні көрінді.

«Озық» санатында респонденттердің табысқа жету үшін басты деп санайтын құндылықтық бағдарларын көрсетеді. Орташа мәні төмендегі формуламен ұсынылды (6):

$$\frac{9,5 + 5,7 + 7,2 + 6,4 + 5,1 + 5,6}{6} = 6,58 \quad (6)$$

Орта есеппен алғанда, «озық» құндылықтық бағдарлар басқа бағыттарға қарағанда бастауыш сынып мұғалімдері арасында біркелкі бөлінбеген.

Ең жоғары көрсеткіштер «қызметтегі тиімділік» (9,5) және «өзін-өзі бақылау» (7,2) құндылықтарында байқалады. Бұл құндылықтар төмен маңыздылыққа ие. Демек, еңбекқорлық пен еңбектегі өнімділік табыстың негізгі факторы ретінде төмендеп отырады.

Ең төменгі көрсеткіштер «білім» (5,1) және «жауапкершілік» (5,6) құндылықтарына тиесілі, және олар көшбасшы болып табылады. Бұл құндылықтар қолдаушы құндылық ретінде емес, басты деп қабылданады.

Қорытынды: «білім» мен «жауапкершілік» көбінесе негізгі құндылықтар ретінде қарастырылады, бұл респонденттердің көзқарасындағы білімнің кеңдігі мен жалпы мәдениеттілікті атап көрсетеді.

Кәсіби өзін-өзі іске асырудағы инструменталды құндылықтық бағдарлар бойынша жалпы қорытындылар:

1. Ең аз маңызды құндылықтар («негізгі емес» санаты): қызметтегі тиімділік пен кең ой-өріс жиі екінші дәрежелі деп қарастырылады.

2. Индифферентті құндылықтар («негізгілердің қатарында» санаты): өзін-өзі бақылау мен тәуелсіздік озық орындарға сирек ие болады.

3. Маңызды құндылықтар («озық» санаты): жауапкершілік пен білім көбінесе басым құндылықтық бағдарлар ретінде қабылданады.

4. Жауапкершілік пен білім – бұл қасиеттер сирек маңызды емес болып табылады, керісінше, олар көбінесе маңызды құндылықтық бағдарлар рөлін атқарады.

Қорытынды: респонденттер жауапкершілік пен білімге басымдық береді, ал кең ой-өріс пен қызметтегі тиімділік жиі маңызды, бірақ басты емес аспектілер ретінде қарастырылады.

Төменде, біз жүргізген сауалнамаға сәйкес, кәсіби өзін-өзі іске асыру тұрғысынан терминалды және инструменталды құндылықтар бойынша жалпы респонденттердің санынан үлеске қатысты сандық деректерді ұсынамыз.

«Озық» санатына келесі терминалды құндылықтар кіреді: белсенді өмір сүру қызметі – 42 педагог (респонденттердің жалпы санының 56%), қызықты жұмыс – 39 педагог (52%), даму – 29 педагог (38%), таным – 27 педагог (36%), қоғамдық миссия – 24 педагог (32%), шығармашылық жұмыс – 18 педагог (24%).

Инструменталды құндылықтардан «озық» болып келесі құндылықтар табылады: жауапкершілік – 40 педагог (53%), тәуелсіздік – 42 педагог (56%), білім – 37 педагог (49%), өзін-өзі бақылау – 27 педагог (36%), кең ой-өріс – 19 педагог (25%), қызметтегі тиімділік – 10 педагог (13%).

Зерттеу нәтижелері бойынша тек бір педагог (1,3%) терминалды құндылықтар блогының барлық компоненттерін базалық, тұрақты деп таңдады. 3 респондент (4%) инструменталды құндылықтар блогының барлық компоненттерін базалық деп таңдады. Қорытынды жасайтын болсақ, кәсіби өзін-өзі іске асыруға қатысты құндылықтар блогы бастауыш сынып мұғалімдерінің жалпы құндылықтар иерархиясында басымдыққа ие емес.

Мысал ретінде «таным» терминалды құндылығын алуға болады.

Неміс философы және педагогі Э. Шпранглер әлемді танудың алты формасын бөліп, «өмір формалары» деп атап көрсетті. Ол бұл формалардың негізін таным субъектісінің құндылықтық бағдарлары құрайтынын атап өтті. Сондықтан ол жеке тұлғаның ең бастысы – әлемді танитын құндылықтық бағдарлары екенін айтты [6 с.118-120].

Өкінішке орай, «таным» құндылығы бастауыш сынып мұғалімдері үшін басым және тұрақты құндылық болмады.

Қорытынды. Қазақстанда жастар, жасөспірімдер және кәсіби қауымдастықтардың және басқа да көптеген топтардың құндылықтары мен құндылықтық бағдарларын зерттеу өзектілігін жоғалтпай келеді.

Жүргізілген зерттеу бастауыш сынып мұғалімдерінің құндылықтық бағдарларының ерекшеліктерін тереңірек түсінуге, негізгі терминалды және инструменталды құндылықтарды анықтауға, сондай-ақ олардың жалпы құндылықтар жүйесіндегі орнын айқындауға мүмкіндік берді. Алынған деректерді талдау денсаулық, махаббат және өмірлік даналық сияқты құндылықтардың терминалды құндылықтар иерархиясында озық орынды алатынын көрсетеді. Бұл респонденттердің жеке тұлғаға бағытталған көзқарасын бейнелейді. Инструменталды құндылықтар арасында тәрбиелілік, жауапкершілік және ұқыптылық ерекше маңызға иелігін көрсетті. Бұл мұғалімдердің кәсіби қызметінде тәртіпке, құрметке және талапқа ұмтылысын көрсетеді.

Алайда, зерттеу нәтижесі көрсеткендей, кәсіби өзін-өзі жүзеге асыру құндылықтары құндылықтық бағдарлар құрылымында басым орын алмады, бұл педагогтерде дайындау және

олардың біліктілігін арттыру жүйесінде кәсіби құндылықтарға баса назар аударудың қажеттілігін белгілеуі мүмкін. Бұл жеке және кәсіби басымдықтарды үйлестіруге, мұғалімнің білім беру жүйесіндегі рөлін тереңірек түсінуге және кәсіби өсуге деген ынтасын арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Жүргізілген зерттеудің ғылыми жаңалығы мынада болды:

- Бастауыш сынып мұғалімдеріне тән негізгі терминалды және инструменталды құндылықтар анықталды, бұл олардың құндылық бағдарлар жүйесі туралы тұтас түсінік алуға мүмкіндік береді;

- Жеке және кәсіби құндылықтардың өзара әрекеттесу құрылымы анықталды, бұл педагогикалық аксиологияны дамытуға үлес қосады;

- М. Рокичтің әдістемесіне негізделген құндылық бағдарларды талдау әдістемесі әзірленді және педагогтерді зерттеу мақсаттарына бейімделді.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығы:

- Алынған деректер мұғалімдердің кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы бойынша білім беру бағдарламалары мен тренингтерді әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін,

- Зерттеу нәтижелері педагогтардың құндылықтық бағдарларын ескере отырып, кәсіби дамудың жеке траекторияларын құруға негіз болады.

- Құндылық бағдарларды диагностикалау және интерпретациялау бойынша ұсынылған тәсілдер мұғалімдерді курстан кейінгі қолдау жүйесінде және әдістемелік қызметтер жұмысында қолданылуы мүмкін.

Осылайша, біз жүргізген зерттеу педагогикалық қызметтің теориясы мен практикасына үлес қосып, білім беру процесіне және мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесінде құндылықтық тәсілді интеграциялаудың жаңа перспективаларын ашады деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Единство народа и системные реформы – прочная основа процветания страны». 01 сентября 2021 года. – Астана, 2021. – [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses> (дата обращения: 11.11.2024).

2 Об утверждении Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249// [Электронный ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249> (дата обращения: 12.11.2024).

3 Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2023-2024 учебном году». – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2023. – 106 с.

4 Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, послесреднего образования. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года № 348. – [Электронный ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031> (дата обращения: 12.11.2024).

5 Рокич М., Природа общечеловеческих ценностей. - Нью-Йорк: Free Press, 1973. – 438 с.

6 Забирова А.Т. Социология. Учебное пособие / А.Т. Забирова– Алматы: Эверо, 2014 // [Электронный ресурс]. – URL: <http://surl.li/bltzol>

7 Белоусова Н.С. Соотношение ценностных ориентаций и субъективного качества жизни молодежи: монография / Н.С.Белоусова, Н.А.Юдина. - Урал.гос.пед.ун-т., 2017. - 87 с. [Электронный ресурс] – URL: <https://core.ac.uk/download/pdf/154819119.pdf> (дата обращения: 21.11.2024).

8 Франкл В.Э. Поиск человеком смысла жизни. - Вашингтон: Washington Square Press, 1985. – 125 с.

9 Каратабанов Р. Интеграция ценностей этнопедагогики с современным образованием. [Электронный ресурс]. – URL: <https://bilimdinews.kz/?p=209811> .

10 Ветков Н.Е. Здоровье человека как ценность и его определяющие факторы // Наука. - 2016. - С.126-142. [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zdorovie-cheloveka-kak-tsennost-i-ego-opredelyayushchie-factory/viewer>. (дата обращения: 21.11.2024).

11 Соломин И.Л. Структура жизненных ценностей и выбор сферы профессиональной деятельности. [Электронный ресурс]. – URL: <https://psy.su/feed/10931/> (дата обращения: 20.11.2024).

12 Толстой Л. Н. Полное собрание сочинений: в 90 т. Т. 8: Педагогические сочинения. – Москва: Художественная литература, 1936. - 594 с.

13 Слостенин В.А. и др. Педагогика. Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений/ В.А. Слостенин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов; под ред.В.А.Слостенина. – Москва: Издательский центр «Академия», 2013 – 576 с. [Электронный ресурс]. – URL: <https://clck.ru/3EZnif> (дата обращения: 20.11.2024).

14 Kamalova L.A., Ul'yanitskaya T.V. The study of the pedagogical values of the future elementary school teachers // Life Science Journal. — 2014. — Vol. 11. – 10 p. [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.lifesciencesite.com>.

REFERENCES

1 Tokayev, K.-Zh. (2021, September 1). Yedinstvo naroda i sistemnye reformy – prochnaya osnova protsvetaniya strany [The unity of the nation and systematic reforms is the stable basis of the prosperity of the country]. [Elektronnyy resurs]. - URL: <https://www.akorda.kz/kz/addresses> [in Russian]

2 Pravitel'stvo Respubliki Kazakhstan. (2023, March 28). Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan № 249 ob utverzhdenii Kontseptsii razvitiya doshkol'nogo, srednego, tekhnicheskogo i professional'nogo obrazovaniya na 2023–2029 gody [On the approval of the concept for the development of preschool, secondary, technical, and vocational education in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. [Elektronnyy resurs]. - URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249> [in Russian]

3 NAO imeni I. Altynsarina. (2023). Instruktivno-metodicheskoe pismo: Ob osobennostyakh uchebno-vospitatel'nogo protsessa v organizatsiyakh srednego obrazovaniya Respubliki Kazakhstan v 2023–2024 uchebnom godu. [Instructional and methodological letter “On the specifics of the educational process in secondary education organizations of the Republic of Kazakhstan for the 2023–2024 academic year”], Astana: NAO imeni I. Altynsarina, 106 p. [in Russian]

4 Ministerstvo prosveshcheniya Respubliki Kazakhstan. (2022, August 3). Prikaz № 348 ob utverzhdenii gosudarstvennykh obshcheobyazatel'nykh standartov obrazovaniya [On the approval of state mandatory standards for preschool education and training, primary, basic secondary, general secondary, technical and vocational, and post-secondary education (Order No. 348)]. [Elektronnyy resurs]. - URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031> [in Russian]

5 Rokeach, M. (1973). The Nature of Human Values. New York: Free Press, - 438p.

6 Zabirowa, A. T. (2014). Sotsiologiya. Uchebnoe posobiye. [Sociology. Textbook]. Almaty: Evero. November 20, 2024. [Elektronnyy resurs]. - URL: <http://surl.li/bltzol> [in Russian]

7 Belousova, N. S., & Yudina, N. A. (2017). Sootnoshenie tsennostnykh orientatsij i sub"ektivnogo kachestva zhizni molodezhi [The correspondence of value and subjective quality of the teenagers' life], Ural. gos. ped. un-t. - 87p. [Elektronnyy resurs]. – URL: <https://core.ac.uk/download/pdf/154819119.pdf> [in Russian]

8 Frankl, V. E. (1985). Man's Search for Meaning. Washington: Washington Square Press, 125p.

9 Karatabanov, R. (2024, November 14). Integratsiya tsennostey etnopedagogiki s sovremennym obrazovaniem [Integration of ethnopedagogical values in modern education]. [Elektronnyy resurs]. - URL: <https://bilimdinews.kz/?p=209811> [in Russian]

10 Vetkov, N. E. (2016). Zdorov'ye cheloveka kak tsennost' i ego opredelyayushchie faktory CyberLeninka [Health as value and his define factor] // Nauka [Science], 126-142. [Elektronnyy resurs]. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zdorovie-cheloveka-kak-tsennost-i-ego-opredelyayushchie-factory/viewer> [in Russian]

11 Solomin, I. L. (2024). Struktura zhiznennykh tsennostey i vybor sfery professional'noy deyatel'nosti [The structure of life values and choice of professional sphere]. [Elektronnyy resurs].- URL: <https://psy.su/feed/10931/> [in Russian]

12 Tolstoy, L. N. (1936). Pedagogicheskiye sochineniya [Pedagogical compositions]. (Vol. 8). Moscow: Khudozhestvennaya literatura. – 594 p. [in Russian]

13 Slastenin, V. A., Isaev, I. F., & Shiyanov, E. N. (2013). Pedagogika: Uchebnoe posobie dlya studentov vysshikh pedagogicheskikh uchebnykh zavedeniy [Pedagogy. Textbook for students of higher pedagogical institutions]. Moscow: Izdatel'skiy tsentr "Akademiya". – 576 p. [Elektronnyy resurs]. - URL: <https://clck.ru/3EZnif> [in Russian]

14 Kamalova, L. A., & Ul'yanitskaya, T. V. (2014). The study of the pedagogical values of the future elementary school teachers. Life Science Journal, 11-10. [Elektronnyy resurs]. - URL: <http://www.lifesciencesite.com>

Кисабекова М.Е.¹, *Майбасова У.А.², Кантарбаева Ж.Е.³

^{1,2,3} Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» ИПР по Карагандинской области

^{1,2,3} Караганда, Казахстан

К ВОПРОСУ О ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЯХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Аннотация

В настоящее время ценностный (аксиологический) подход в образовании, ориентированный на возможности, склонности и особенности учителя и ученика, приобретает особую актуальность. Система ценностных ориентиров определяет духовное ядро человека, его отношение к миру и самому себе, жизненные перспективы и «вектор развития» личности. Основой личностного и профессионального развития учителей начальных классов являются педагогические ценности.

В статье рассматриваются ведущие идеи зарубежной и отечественной педагогической аксиологии, содержание категории «ценность», а также механизмы взаимодействия ценностных ориентиров с компонентами личности, в частности, с учителем начальной школы.

Целью статьи является знакомство с результатами исследования по изучению системы ценностных ориентаций учителей начальной школы, проведенного авторами по методике американского психолога М. Рокич. Эти результаты интерпретируются через призму ценностей профессиональной самореализации, которая определяет содержание направленности личности и мотивацию жизненной активности. Система ценностных ориентаций определяет содержательную сторону направленности личности и составляет основу ее отношения к окружающему миру, другим людям, себе самой; основу мировоззрения и ядро мотивации жизненной активности, основу жизненной концепции и «философии жизни».

В статье описаны методика исследования ценностных ориентиров по М. Рокичу, методы сбора, обработки и анализа данных, а также характеристика выборки и фактический материал исследования. Основным методом данной методики был опрос.

В качестве результата исследования выявлены приоритеты ценностных ориентиров учителей начальных классов в социальной и профессиональной жизни, определены вопросы повышения квалификации, последующего сопровождения, согласования действий с личностной системой ценностей и запланированными обществом ценностями самореализации.

Значимость исследования заключается в диагностике структуры ценностных ориентиров учителей начальных классов, выявлении ведущих ценностей, а также диагностике согласованности или противоречивости профессиональных ценностей. На основе опроса сформировано представление о закономерностях системы личностных ценностных ориентиров учителей начальных классов.

При определении ценностных ориентиров учителей начальных классов по методике М. Рокича были получены следующие результаты: в иерархии терминальных ценностей (ценности-цели) важнейшими оказались здоровье, любовь, жизненная мудрость, а в иерархии инструментальных ценностей (ценности-средства) — дисциплинированность, ответственность, аккуратность. Эти ценности являются наиболее устойчивыми в иерархии ценностных ориентиров.

В ходе интерпретации результатов исследования авторы пришли к выводу, что ценности профессиональной самореализации не являются доминирующими в системе ценностных ориентиров учителей начальных классов.

Ключевые слова: ценностная ориентация, методика М. Рокич «Ценностные ориентации», терминальные ценности, инструментальные ценности, профессиональная самореализация, повышение квалификации, посткурсовое сопровождение.

Kissabekova M.E.¹, *Maibasova U.A.², Kantarbaeva Zh.E.³
^{1,2,3} JSC «NCPK «Orleu» Institute of Professional Development in the Karaganda region
^{1,2,3} Karaganda, Kazakhstan

ON THE ISSUE OF VALUE ORIENTATIONS OF PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Annotation

Currently, the axiological approach in education, focusing on the opportunities, inclinations, and individual characteristics of both teachers and students, is gaining particular relevance. The system of value orientations defines the spiritual core of a person, their attitude towards the world and themselves, life prospects, and the "vector of development" of their personality. Pedagogical values are the foundation of the personal and professional development of primary school teachers.

This article examines the leading ideas of foreign and domestic pedagogical axiology, the essence of the "value" category, and the mechanisms of interaction between value orientations and components of personality, particularly primary school teachers.

The purpose of the article is to present the results of a study on the system of value orientations among primary school teachers, conducted by the authors using the methodology of American psychologist M. Rokeach. These results are explained through the values of professional self-realization, which determine the orientation of a person and the motivation for their life activity. The system of value orientations defines the substantive aspect of personal orientation, forming the basis of a person's attitude toward the environment, other people, and themselves. It serves as the foundation of worldview, the motivational core of life activity, the life concept, and the "philosophy of life."

The article describes M. Rokeach's methodology for studying value orientations, methods of data collection, processing, and analysis, as well as the characteristics of the sample and the factual material of the study. The main method of this methodology was a survey.

As a result of the study, the priorities of value orientations in the social and professional life of primary school teachers were identified. Issues such as professional development, post-training support, alignment of actions with personal value systems, and planned societal values of self-realization were addressed.

The significance of the study lies in diagnosing the structure of value orientations of primary school teachers, identifying leading values, and diagnosing the consistency or inconsistency of professional values. Based on the survey, an understanding of the patterns in the system of personal value orientations of primary school teachers was formed.

When determining the value orientations of primary school teachers using M. Rokeach's methodology, the following results were obtained: in the hierarchy of terminal values (value-goals), the most important were health, love, and life wisdom, while in the hierarchy of instrumental values (value-means), the most important were discipline, responsibility, and neatness. These values are the most stable in the hierarchy of value orientations.

During the interpretation of the study results, the authors concluded that the values of professional self-realization are not dominant in the system of value orientations of primary school teachers.

Key words: value orientation, M. Rokeach's "Value Orientations" methodology, terminal values, instrumental values, professional self-realization, advanced training, post-course support.